

ISSN 2224-5294

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Х А Б А Р Л А Р Ы

ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ
ҒЫЛЫМДАР СЕРИЯСЫ

СЕРИЯ ОБЩЕСТВЕННЫХ
И ГУМАНИТАРНЫХ НАУК

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

5 (303)

ҚЫРКУЙЕК – ҚАЗАН 2015 ж.
СЕНТЯБРЬ – ОКТЯБРЬ 2015 г.
SEPTEMBER – OCTOBER 2015

1962 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР АЙЫНАН ШЫҒА БАСТАҒАН
ИЗДАЕТСЯ С ЯНВАРЯ 1962 ГОДА
PUBLISHED SINCE JANUARY 1962

ЖЫЛЫНА 6 РЕТ ШЫҒАДЫ
ВЫХОДИТ 6 РАЗ В ГОД
PUBLISHED 6 TIMES A YEAR

АЛМАТЫ, ҚР ҰҒА
АЛМАТЫ, НАН РК
ALMATY, NAS RK

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 5, Number 303 (2015), 272 – 274

**THE EFFECTIVENESS OF INTEGRATION DIRECTIONS
IN THE TEACHING OF FOREIGN LANGUAGES AND LITERATURE**

U.A. Amirbekova, G.K. Shatekova

Kazakh national university named after Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan

Key words: integration direction, communicative competence, interdisciplinary communication, cultural paradigm, harmony.

Abstract. The article is devoted to the integration of disciplines taught in higher education as one of the most active areas of new pedagogical solutions, suggesting the possibility of increasing the communicative competence of students, affect the absorption of teaching material and development of creative potential teachers. The effectiveness of the integration trends in the teaching of the Korean language and literature shows specific examples, defined the role of interdisciplinary connections in preparing spiritually rich, competitive strengths of professionals with a high communicative competence.

ЭОЖ 327(519):82

**ШЕТ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ
ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

У.А. Амирбекова, Г.К. Шатекова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Тірек сөздер: интеграциялық бағыттар, коммуникативтік құзыреттілік, пәнаралық байланыс, мәдениет парадигмасы, үйлесімділік.

Аннотация. Мақала оқытушының шығармашылық әлеуетін дамытуға, білім алушылардың материалды игеруіне тиімді әсер етуге, студенттің коммуникативті құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік туғызатын жаңа педагогикалық шешімдерді табудың белсенді бағыттарының бірі – жоғары оқу орындарында оқытылатын пәндердің интеграциялануына арналған. Кәріс тілі мен әдебиет пәнін оқытудағы интеграциялық бағыттардың тиімділігі мысалдар арқылы көрсетіліп, пәнаралық байланыстардың рухани дүниесі бай, коммуникативті құзыреттілігі жоғары, бәсекеге төтеп бере алатын мықты мамандарды дайындаудағы рөлі айқындалған.

Интеграция студенттер білімінің үзік-үзік, шолақ емес, бүтін, толық болуына әсерін тигізіп, олардың адами құндылықтарды игеруін қамсыздандырып, дүниеге деген біртұтас жүйелі көзқарастарының қалыптасуына қызмет етеді. Қазіргі ақпараттардың шапшаң тарауы жағдайында оны қабылдау, ұғыну мүмкіндігі әлсіреп кеткен. Сондықтан, оның бірден-бір дұрыс жолы белгілі бір бірлікті, жүйені білдіретін құрамдас білімдерді игеру болып табылады. Шет тілі мен әдебиет пәнін оқытуда әртүрлі пәндерді, ең алдымен, гуманитарлық пәндер циклін мәдениет парадигмасы мен өзара байланысты арнайы курстардың талдамаларын байланыстырып қолданған дұрыс. Жоғары білім беру саласын интеграцияландыру идеялары бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің біріне айналып, оқытушылар өз дәрістерін белсенді түрде интеграциялық бағыттармен ұштастырып өткізуде. Мұндай дәрістердің мақсаты – білім алушының коммуникативті құзыреттіліктері мен ешқашан маңыздылығын жоғалтпайтын адами құндылықтар жүйесін меңгеру, белгілі бір мәдени дәуірге дендеп кіріп, сонда сұхбат жүргізу, әлемді және адамның тұрмыс-тіршілігін белгілер, нышандар, бейнелер, үлгілер арқылы тану.

Интеграцияның пайда болуы – жәй ғана пәндер арасындағы байланыстың нәтижесі емес, ол анағұрлым терең, жоғары деңгейдегі пәнаралық қарым-қатынастың орнатылуы. Өйткені, ол адам туралы, әлем туралы, мәдениет туралы бірнеше пәнге ортақ ғылыми идеяларға, тұжырымдамаларға негізделеді. Интеграцияны пән ішінде және пәндер арасында жүргізіледі деп айтуға болады. Пән ішіндегі интеграция екі бағытта жүзеге асырылады: біріншісі – тыңдауға, айтуға, оқуға және жазуға өзара байланыста үйрету; екіншісі – білім берудің амал-тәсілдері мен әдістерінің, формалары мен құралдарының интеграциясы. Яғни, шет тілі мен әдебиеті бойынша білім берудің контекстік, мәдениетаралық, әлеуметтік-мәдени және кәсіби-бағдарлы технологиялары мен жобалық

әдістемелердің, рольдік және іскери ойындардың, сайыстар мен олимпиадалардың, дәрісханалық және дәрісханадан тыс жұмыстардың үйлесімділігі.

Пәнаралық интеграция да екі бағытта жүзеге асырылады. Бірінші бағыт пән салалары бойынша оны лингвистикалық және экстралингвистикалық ақпаратпен байыту есебінен оқу пәнінің мазмұндық жақтарын кеңейтумен байланысты. Оған ана тілі, шет тілі, оқытылатын елдің мәдениеті мен дәстүрлері, әдебиеті, жалпыкәсіби пәндерді оқыту жатады. Екінші бағыт жалпы дағдыларды жетілдіруді қарастыратын оқу пәнінің процессуалды жақтарына жатады, яғни оқу-ұйымдастырушылық, оқу-ақпараттық, оқу-логикалық және оқу-коммуникативтік дағдылар мен икемдерді дамыту. Әрине, жоғарыда айтылғандарды әрбір оқытушы күнделікті сабақ беру барысында орындап жүр. Алайда, пәнаралық байланыстар қазіргі таңда басқа қырынан көрініп отырған мәселе. Жоғары оқу орындары, соның ішінде шығыстанушы мамандарды даярлайтын жоғары білім беру саласы студенттерге білімнің белгілі бір деңгейін ғана беріп, сонымен шектеліп қала алмайтындығы белгілі. Келешекте бітірушілеріміз бәсекеге төтеп бере алатын, құзыреттілігі жоғары маман болып шығуы үшін оларды өз беттерімен білімдерін толықтыруға үйрете білуіміз керек. Олар университет қабырғасында алған білімдерін тәжірибе жүзінде пайдалана білуі үшін мектепте қалыптаса бастаған талдау, салыстыру, қорытындылау дағдыларын нығайтып, жетілдіріп, өз бетінше өмірде аяғынан тік тұрып кетуіне жағдай жасау міндетін жүзеге асыру оқытушылардың басты мақсаты. Студенттердің эстетикалық тәрбиесінде оқитын елдің тілі мен әдебиетін, біздің жағдайымызда кәріс тілі мен әдебиетін ғылымның басқа түрлерімен интеграциялаудың мүмкіндіктері қандай?

Адамның сезім мүшелері мен түйсінуі белгілі бір мөлшерде өзара әрекеттестікте болатындығы белгілі. Физиологтар адамның сезім мүшелері организмнің шынайы өмірмен біртұтас байланысының әртүрлі каналдарын білдіретіндігін, олардың біртұтас бүтінді құрайтындығын, бір-бірімен өзара қарым-қатынаста болатындығын дәлелдеген. Көзбен көру (көркем бейнелеу, кескіндеме, сахналық) және құлақпен есту (музыкалық) ақиқат шындық туралы бейнелі түсінік беретін «жанды сурет» қызметін орындайды. Әдебиет сабағында өнердің шектес түрлерін тарту студенттердің оқу материалын қабылдауын көтеру қажеттілігімен негізделеді. Өйткені, өнер адам бойында терең қызығушылықтың оянуына, қайырымдылық, ізгілік қасиеттерінің дамуына, өмірге деген көзқарастың кеңеюіне тікелей ықпал етеді.

Әдебиет пәнін оқытуда өнердің әртүрлі салаларына жүгіну таңдамалы сипатта болады. Мұны оқытылатын әдеби мәтіннің өзіндік ерекшелігімен және оқытушының қолында бар материалдың ауқымымен түсіндіруге болады. Оқытушы бір жағдайда бейнелеу өнерінің туындыларына, келесі бір жағдайда музыкаға, ал енді бір жағдайда кино және театр өнеріне жүгінуі мүмкін. Мысалы, корей поэзиясына байланысты тақырыпты өткен кезде иллюстрациялар емес, ең алдымен, поэзия табиғатына жақын, әрі лирикалық шығармалар талап ететін қиялдың дамуына көмектесетін музыкамен ұштастыру қажет. Әсіресе, кәріс халқының ұлттық ақыны Ким Соволь шығармашылығын өткен кезде оның өлеңдерінің әуезді, сазды екендігін байқауға болады, олар сол немесе басқа ойларды, сезімдерді нақты білдіріп тұрады. Сонымен, лирикаға байланысты талдау жасаған кезде музыкалық интерпретацияларды пайдаланған анағұрлым дұрыс шешім болмақ.

Ақындар мен жазушылардың өмірнамасы туралы сабақтарда олардың музыкаға немесе басқа салаға қатысы туралы мысалдар мен айғақтар келтіріп, берілген автордың сүйікті музыкалық шығармасын тыңдап, бейнелеу немесе кескіндеме және т.б. өнер салаларында қалдырған еңбектерімен таныстыруға болады. Мұндай материалдар ақын немесе жазушының тұлғасы туралы студенттердің ұғымын кеңейтіп, олардың рухани сұраныстарымен және қызығушылықтарымен таныстырып, әлем әдебиетіндегі, соның ішінде, корей әдебиетіндегі олардың орнын анықтауға көмектеседі.

Жазушының музыкаға қалай қарағандығын ашып көрсететін арнайы материал оның шығармаларына талдау жасауға көмектеседі, мәтінге, автордың әрбір сөзіне студенттің назарын аудартады, олардың бойында шығармадағы авторлық көзқарас туралы түсінік пайда болып, нығаяды.

Әдебиет пәні бойынша жүргізілетін барлық сабақтарды бейнелеу өнерімен байланыстырып өткізуге болады. Ақын немесе жазушының өмірбаяны туралы сабақтарда біз ең алдымен оның суретін (портретін) көрсетеміз. Көптеген суретшілер өздерінің туындыларында ақын-жазушылар барған көрікті жерлерді, әдеби шығармаларда суреттелген табиғатты бейнелеген. Мысалы, көптеген корей ақындары (Чхве Чхивон, Ким Саккат, Чон Чхоль және т.б.) жырлаған Қымгансан таулары, атақты корей бақтары мен буырқанған теңіздері. Кәріс ақындарының пейзаждық өлеңдері кәріс еліне саяхат күнделігі іспеттес.

Әдебиетті оқу барысында тарихтан мәліметтер келтірмеу мүмкін емес. Әдебиет пен тарих өте тығыз байланысты. Шолу дәрістері кәріс тарихы мен мәдениетінің белгілі бір кезеңдері туралы жалпы түсінік береді. Оқитын елдің әдебиетін сол елдің тарихы мен мәдениетінен бөліп қарастыру мүмкін емес. Елдің тарихы мен мәдениеті туралы материалдар әдебиет сабағының мазмұнын кеңейтіп, сол дәуір туралы терең әрі дұрыс

түсінік береді. Тарихи тақырыпқа жазылған көркем шығармаларды талдау сабақтарында да ел тарихына жүгінбеу мүмкін емес. Мысалы, қазіргі заманғы корей әдебиеті бойынша Сон Хваның «Жалын», Че Ин Хунның «Алаң», Ын Хигённің «Құпия мен жалған» атты тарихи романдарына талдау жасаған кезде тарихты айналып өтуге болмайды.

Сондай-ақ, қазіргі кезде кәріс жазушылары шығармаларының желісімен түсірілген фильмдер де жоқ емес. Сабақ барысында сол фильмдерден қысқа үзінділер көрсетіп те, студенттердің әдебиет пәніне деген қызығушылықтарын арттыруға болады. Олар да өз кезегінде студенттердің эстетикалық талғамының қалыптасуына жағымды әсерін тигізіп, оларды оқиға болған кезеңге апарып, тарихтың белгілі бір дәуіріне қатысты нақты түсініктерін бекітеді. Жекелеген жағдайларда шығарманы театрлық қойылымдармен байланыстыруға да болады. Бұл негізінен драматургияға байланысты. Студенттердің бойында театр өнеріне деген сүйіспеншілікті ояту, театрдағы мәнерлі сөйлеу мәдениетімен, көркем-бейнелеуші құралдарымен таныстыру, театрландырылған қойылымды қабылдау мен оны бағалау үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру да әдебиеттің интеграциялық бағыттарының бірі. Драмалық шығармаларды зерделеу барысында студенттердің театр өнерімен және оның тілімен таныстығын тереңдетуге болады. Студенттердің кәсіби театрларға баруын қадағалап қана қоймай, олардың өз беттерінше театрландырылған қойылым жасауларына мұрындық болуға болады. Мұндай жұмыстардың барлығы білім беру мақсаттарына сай жүргізіліп, әдебиет пәнін оқыту жүйесімен үйлесімді түрде ұштасқан болуы керек. Жоғарыда айтылғандардың барлығы жаңалық емес. Көптеген жылдар бойы әдебиет пәнін оқыту барысында оқытушылар әдебиетті өнердің түрлі салаларымен байланыстырып өткізуде. Біздің мақсатымыз, қазіргі кезде белең алып бара жатқан қоғамымыздағы қауіпті жағдайды, яғни материалдық құндылықтың рухани құндылықтардан жоғары қойылып, адамның ақшаға құнығуы анық сезіліп тұрған заманда кәсіби білікті маман бірінші кезекте зияткерлік сезімдері бай, адами ізгі қасиеттері терең адам болуы керектігін тағы да ескерту. Өз елінің ғана емес, оқитын елдің де тарихын, мәдениетін, әдебиетін жақсы білетін келешектегі білікті маманның эстетикалық бағалауы қалыптасып, пайымдауларының дербестігі мен негізділігі көтеріледі.

Оқытушының әдебиет пәнін бейнелеу өнерімен байланыстырып өткізуде жинақтаған тәжірибесі оған ауызша суреттеу сияқты әдістемелік тәсілді мәтінмен жұмыс кезінде пайдалануға мүмкіндік береді. Студенттің көзбен елестетуін тереңдетіп дамытады, шығармадағы бейнелеуші тәсілдерді қабылдауды үйретеді, ойша көз алдына елестету жұмысын ынталандырады, мәтінді оқу кезінде ондағы айтылған ойды анық көруге машықтандырады, ауызша сөйлеуді дамытады.

Осылайша, көркем әдебиетті сүйіп оқитын, өнердің әртүрлі салаларынан хабары бар, өзі игерген тілде көркем сөйлей алатын, сол елдің атақты ақын-жазушыларының шығармашылығымен терең таныс коммуникативті құзыретті мамандарды тәрбиелеуге болады деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Kulagin P.G. Mezhpredmetnye svyazi v protsesse obucheniya. – M., 1981. (in Russ.).
- [2] Belen'kiy G.I. Vzaimosvyazi predmetov gumanitarnogo tsikla // Narodnoe obrazovanie. – 1987. – № 9. – p. 46. (in Russ.).
- [3] Domanskiy V.A. Literatura i kul'tura: Kul'turologicheskiy podkhod k izucheniyu slovesnosti. Uchebnoe posobie. – M.: Flinta: Nauka, 2002. (in Russ.).

REFERENCES

- [1] Kulagin P.G. Mezhpredmetnye svyazi v protsesse obucheniya. – M., 1981. (in Russ.).
- [2] Belen'kiy G.I. Vzaimosvyazi predmetov gumanitarnogo tsikla // Narodnoe obrazovanie. – 1987. – № 9. – p. 46. (in Russ.).
- [3] Domanskiy V.A. Literatura i kul'tura: Kul'turologicheskiy podkhod k izucheniyu slovesnosti. Uchebnoe posobie. – M.: Flinta: Nauka, 2002. (in Russ.).

Эффективность интеграционных направлений в преподавании иностранного языка и литературы

У.А. Амирбекова, Г.К. Шатекова

Ключевые слова: интеграционные направления, коммуникативная компетентность, междисциплинарная связь, культурная парадигма, гармоничность.

Аннотация. Статья посвящена интеграции дисциплин, преподаваемых в высших учебных заведениях, как одного из активных направлений новых педагогических решений, предполагающих возможность повышения коммуникативной компетентности студентов, влияющих на усвоение материала обучающимися и на развитие творческого потенциала преподавателей. Эффективность интеграционных направлений в преподавании корейского языка и литературы показана конкретными примерами, определена роль междисциплинарных связей в подготовке духовно богатых, конкурентоспособных сильных профессионалов своего дела с высокой коммуникативной компетентностью.

СОДЕРЖАНИЕ

<i>Баймаханова Д.М.</i> Конституция Республики Казахстан – основной элемент механизма борьбы с коррупцией.....	5
<i>Жарболова А.Ж.</i> К вопросу об осуществлении народом законотворческой деятельности в РК.....	9
<i>Калибаева М.Ж., Сартаев С.А.</i> Некоторые вопросы реализации мер по обеспечению правового воспитания в Республике Казахстан.....	13
<i>Ибраева А.С., Каратаева А.М., Байкенжеев А.С.</i> Правовое государство - гарант обеспечения безопасности государства и личности.....	21
<i>Кенжалиев З.Ж.</i> Духовно-нравственные и мировоззренческие истоки института суда биев.....	27
<i>Мынбатырова Н.К.</i> Основные направления государственной и правовой теории в советском Казахстане.....	36
<i>Мынбатырова Н.К.</i> Возникновение и развитие идеи института президентства.....	39
<i>Онгарбекова Ж.В., Осанова Д.А.</i> Правовые и организационные предпосылки к необходимости разработки концепции правоохранительной политики Республик Казахстан.....	43
<i>Аюпова З.К., Кусаинов Д.У.</i> Конституционные основы реформы судебной системы Республики Казахстан.....	51
<i>Ильмалиев Ж.Б., Курмангали М.Ш., Толеген М.А.</i> Некоторые вопросы законодательного обеспечения национального превентивного механизма в Республике Казахстан.....	62
<i>Насимов М.О.</i> Политический консалтинг: сущность и основные технологии.....	71
<i>Бектурганов Д.Б.</i> Становление института президентства: сравнительно-правовой аспект.....	77
<i>Бердибаева А.К.</i> О роли суда биев в обеспечении исполнения норм договора по казахскому обычному праву.....	82
<i>Гусев М.А., Бағылбек Е.М.</i> Проблемы и перспективы развития финансовой системы Республики Казахстан.....	90
<i>Жатканбаева А.Е., Жатканбаев Е.Б.</i> Правовые аспекты регулирования стандартов в сфере оказания медицинских услуг.....	95
<i>Кабанбаева Г.Б.</i> Анализ международного законодательного опыта в сфере обеспечения экологической безопасности космической деятельности.....	100
<i>Калиева Г.С.</i> Юридическая презумпция как метод правового регулирования в налоговом праве.....	104
<i>Калымбек Б., Аронов А.К.</i> Проблемы правового регулирования генетически модифицированных объектов в Казахстане.....	111
<i>Кудерин И.К.</i> Понятие и общая характеристика экологического районирования в Республике Казахстан.....	116
<i>Бегманова Б.С., Кожекеева Б.Ш.</i> Вопросы человечности в драматургии Т.Ахметжан.....	123
<i>Бегманова Б.С.</i> Новизна и традиций современной Казахской повести.....	128
<i>Досанов Н.А.</i> Казиевская деятельность на территории Средней Азии и Казахстана в XIX-XX вв.....	133
<i>Исмаилов Т.</i> Жилищное строительство как приоритетное направление социально-экономического развития Казахстана.....	138
<i>Сатывалдиева Б.А.</i> Пространственные эффекты в экономике регионов Кыргызской Республики.....	145
<i>Абдыраманова А.Ш.</i> Легенды о ловчих птицах как материал для сравнительного анализа в Кыргызских романах.....	149
<i>Алымкулова А.С.</i> Предпосылки возникновения новой волны мирового финансового кризиса.....	156
<i>Орозобакова Ж.Т.</i> Советский период истории как решающий в изменении цивилизационной основы Кыргызского этноса.....	160
<i>Абдыгазиева Н.К.</i> Коммуникативное лидерство как педагогическая проблема.....	166
<i>Султанбеков К.Ч.</i> Запад и восток: противостояние или все же диалог?.....	170
<i>Азатбек Т.А., Салпеков А.</i> Анализ Казахстанского содержания в нефтегазовой отрасли Казахстана.....	175
<i>Отегенова К.А., Ерниязова Ж.Н., Муханова А.Е.</i> Производственная инфраструктура как материально-техническое обеспечение сельского хозяйства.....	180
<i>Талапбаева Г.Е., Қазбайқызы А., Ерниязова Ж.Н.</i> Определение основных компонентов бизнес-модели туристского кластера Кызылординской области.....	189
<i>Кабдешова К.А.</i> Целостный образ эпохи в творчестве Бухар Жырау.....	193
<i>Адизбаева Д.Ж., Шалабаева Ж.С., Иманбекова Ж.К.</i> Этнопедагогика және қазақ этнопедагогикасындағы негізгі әдістер мен амалдар.....	203
<i>Кольбаев М.К.</i> Анализ инновационной деятельности малых предприятий РК.....	206
<i>Сарсенов Б.</i> Трудотерапия как перспективное направление адаптации лиц с ограниченными возможностями.....	215
<i>Омаркожаева А.Н., Салпеков А.С.</i> Проблемы местного содержания на предприятиях нефтегазовой отрасли и пути их решения.....	219
<i>Аралбаева С.К.</i> Инновационный подход в кадровом менеджменте.....	223
<i>Шайманов А.</i> Кодикология – наука о рукописных книгах.....	227
<i>Абдимомынова А.Ш., Темирова А.Б.</i> Формирование и развитие экспортного потенциала региона.....	231
<i>Аубакирова К.А.</i> Патриотические стихи переведенные Ж.Аймауытовым.....	238
<i>Тебегенов Т.</i> Поэтические традиции тюркских народов и творчество певца Хакассии, поэта Семена Кадышева.....	242
<i>Унал Енер, Еркінбаев У.</i> Восприятие Центральной Азиатско Турецкого Мира в поэмах Мехмет Акифа.....	249
<i>Тебегенова А.</i> Эстетическое влияние хвалебных посвящений.....	254
<i>Тебегенова А.</i> Поучения песен посвящений.....	260
<i>Ержан Қ.С.</i> Абу Мансур Аль-Матуриди и его труды.....	265
<i>Амирбекова У.А., Шатекова Г.К.</i> Эффективность интеграционных направлений в преподавании иностранного языка и литературы.....	272

CONTENTS

<i>Baimahanova D.M.</i> Constitution of the Republic of Kazakhstan - key element of the mechanism for fighting corruption.....	5
<i>Zharbolova A.Zh.</i> The question of the exercise by the people of legislative activities in the Republic of Kazakhstan.....	9
<i>Kalshabaeva M.ZH., Sartayev.S.A.</i> Some questions of implementing measures to provide legal education in the Republic of Kazakhstan.....	13
<i>Ibraeva A., Karataeva A., Baikenzheev A.</i> Legal State - guarantor of the security of the State and identity.....	21
<i>Kenzhaliyev Z.Zh.</i> Spiritually-moral and ideological origins institute court biys.....	27
<i>Mynbatyrova N.K.</i> The main directions of the State and law theory in Soviet Kazakhstan.....	36
<i>Mynbatyrova N.K.</i> The origins and development of the idea of institute of presidency.....	39
<i>Ongarbekova Zh.V., Ospanova D.A.</i> Legal and organizational prerequisites to need of development of the concept of law-enforcement policy of the Republics Kazakhstan.....	43
<i>Ayupova Z.K., Kussainov D.U.</i> Constitutional bases of the reform of the judicial system of the Republic of Kazakhstan.....	51
<i>Ilmaliyev Zh., Kurmangali M., Tolegen M.A.</i> Some issues of legislative support of the national preventive mechanism in the Republic of Kazakhstan.....	62
<i>Nassimov M.O.</i> Political consulting: essence and main technologies.....	71
<i>Bekturganov D.B.</i> Formation of institute of presidency: comparative and legal aspect.....	77
<i>Berdibaeva A.K.</i> On the role of the court in the enforcement biys standard on contract Kazah usage law.....	82
<i>M.A.Guseev, Bagilbek Y.M.</i> Problems and prospects of the financial system of the Republic of Kazakhstan.....	90
<i>Zhatkanbaeva A.E., Zhatkanbaev E.B.</i> Legal aspects of standards in the field of medical services.....	95
<i>Kabanbaeva G.B.</i> Analysis of the international legislative experience in the sphere of ecological safety of space activities.....	99
<i>Kalyeva G.S.</i> Legal presumption as the method of legal regulation in the tax right.....	101
<i>Kalymbek B., Aronov A.</i> Problems of legal regulation of genetically modified objects in Kazakhstan.....	111
<i>Kuderin I.</i> General characteristics of ecological zoning in the Republic of Kazakhstan.....	116
<i>Begmanova B.S., Kozhekeeva B.SH.</i> Questions of humanity in playwritings of T.Ahmetzhan.....	123
<i>Begmanova B.S.</i> Novelty and tradition of the present Kazakh novels.....	128
<i>Dossanov N.A.</i> Qazi activity on the territory of Central Asia and Kazakhstan in the XIX-XX centuries.....	133
<i>Ismailov T.</i> Residential construction as a priority socio-economic development of Kazakhstan.....	138
<i>Satyvaldieva B. A.</i> Spatial effects in the economy of the regions of the Kyrgyz Republic.....	145
<i>Abdyramanova A.</i> Legends about hunting birds as a material for comparative analysis in Kyrgyz novels.....	149
<i>Alymkulova A.S.</i> Prerequisites of emergence of the world financial crisis' new wave.....	156
<i>Orozobakova J.T.</i> The soviet period of history as a decisive change in the civilizational foundations of Kyrgyz ethnicity.....	160
<i>Abdygazyeva N. K.</i> Communicative leadership as a pedagogical problem.....	166
<i>Sultanbekov K.H.</i> East and west: confrontation or dialogue yet?.....	170
<i>Azatbek T.A., Salpekov A.</i> Analysis of local content in the oil and gas industry of the Republic of Kazakhstan.....	176
<i>Otegenova K.A., Erniyazova Zh.N., Mukhanova A.E.</i> Production infrastructure as material and technical support of agriculture.....	180
<i>Talapbaeva G.E., Razbaikyzy A., Erniyazova Zh. N.</i> Determination of the main components of the business model of tourist cluster Kyzylorda region.....	189
<i>Kabdeshova K.A.</i> Integral character of epoch in work Buhar Zhyrau.....	193
<i>Adizbaeva D.Zh., Kusbayeva A.N., Skabaeva G.N., Amanbaeva E.A., Tlenbaeva A., Kudebayeva G.</i> Methods and means of education in folk pedagogy.....	203
<i>Kolbayev M.K.</i> Analysis of innovative activity of small enterprises in RK.....	206
<i>Sarsenov B.</i> Occupational therapy as a perspective direction of adaptation of persons with disabilities.....	215
<i>Omarmozhaeva A.N., Salpekov A.S.</i> Problems local content oil and gas industry and solutions.....	219
<i>Aralbaeva S.K.</i> Innovative approaches to personnel management.....	223
<i>Shaimanov A.</i> Codicology – the science of manuscripts.....	227
<i>Abdimomynova A.Sh., Temirova A.B.</i> Formation and development of the export potential of the region.....	231
<i>Aubakirova K.A.</i> Patriotic verses translated by Jusupbek Aimauly.....	238
<i>Tebergenov T.</i> The poetic tradition of the Turkic peoples and creativity singer Khakassia poet Semen Kadyshev.....	242
<i>Unal Yener, Erkinbaev U.</i> Perception of Central Asian Turkish World in Mehmet Akif's Poems.....	249
<i>Tebergenova A.</i> The aesthetic influence of laudatory dedications.....	254
<i>Tebergenova A.</i> Preaching dedication lyrics.....	260
<i>Yerzhan K.S.</i> Abu Mansur Maturidi and his works.....	265
<i>Amirbekova U.A., Shatekova G.K.</i> The effectiveness of integration directions in the teaching of foreign languages and literature.....	272